



**БҰЙРЫҚ**

*20.12.2014 ж. 25 қаңтар*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *80/ч*

город Астана

**Тәртіптік бақылау және  
жауаптылықты күшейту туралы**

Колледж бен білім алушы студент арасында тәртіптік және қоғамдық қатынастарды реттеу, 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 49-бабының 3-тармағы негізінде колледж Жарғысымен бекітілген талаптарды жүйелі жүзеге асыру, ку-тәрбие процесіне қатысушы тұлғалардың (педагогтер, студенттер) жауаптылықты күшейту, бақылауға алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледж Жарғысы, колледж қызметкерлері мен студенттердің ішкі тәртіп ережесі, ар-намыс кодексі талаптарының орындалуына аса назар аударылсын.

**Колледж қызметкерлеріне, білім алушы студенттерге:**

1.1. Колледж зертханаларында, лабораториялық кабинеттерде, сабақ өткізу барысында және оқу өндірістік практиканың өту кезінде, ұялы телефондарды пайдалануға, құлаққап пайдалануға және, ұялы телефондарды және басқа да жеке техникаларды қолдануға, колледждің электр желілерінде зарядтауға, шемішке шағу, сағыз қолдануға;

1.2. Колледжде діни идеяларды, сондай ақ ұлтаралық бірлік пен конфессияаралық келісімге қайшы келетін пікірлер мен ұстанымдарды таратуға, діни атрибуттар пайдалануға;

1.3. Колледждің оқу бөлмелерінде, коридорларда және оқу базаларында нұсқаулықпен бекітілген арнайы формасыз жүруге, колледж аймағынан тыс жерлерде арнайы формамен (халатпен, қалпақпен, аяқ киім) жүруге;

1.4. Ешкімге тіл тигізуге, агрессия көрсетуге;

1.5. Сабақ барысын бұзуға, сабақ барысында тамақ және сусын ішуге, оқу аудиториясына сырт киімдерімен кіруге (пальто, күздік, қыстық қалың күрте (куртка), плащ, бас киімдер және т.б. қозғалуға қолайсыздық тудыратын киімдер), сабақ барысында басқа заттармен шұғылдануға, аудиториядан рұқсатсыз шығуға немесе кіруге;

1.6. Темекі, алкогольді сусындарды, наша, есірткіні, басқа да заңға қайшы, қатаң бақылаудағы заттарды пайдалану, сақтау, дайындау немесе таратуға;

2. Классикалық үлгіден тыс түрлі-түсті еркін киім үлгісіне: шолақ шалбар, тізеден жоғары қысқа юбка, майка, сланцы, дене тәрбиесінің сабақтары мен спорттық іс-шаралардан тыс оқу сабақтары уақытында спорт киімдеріне, діни және басқа да ерекшелігі бар атрибутикалы киімдерге **ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

**Педагогтер мен студенттердің:**

2.1 Сақал қою, шаш, киім үлгісінің классикалық стильге сай үйлесімділігіне (киім үлгісінде ең қолайлы классикалық түстер костюм, шалбар, юбка кара, қою көк және күрте, күртеше, жейде, пиджак киюде бірыңғай ақ, ақшыл түсті, ақ сары, кілегей ашық реңктерді қолдануға **НАЗАР АУДАРЫЛСЫН.**



3. "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы негізінде білім процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

3.1 атыс қаруы, оның ішінде травматикалық, газды, пневматикалық, сигналдық, электрлік және құрылымдық жағынан қаруға ұқсас бұйымдар мен олардың құрамдас бөліктері;

3.2 атыс қаруына тән жеке құрылымдық элементтері мен тетіктері немесе сыртқы белгілері бар, бірақ нысананы зақымдауға арналмаған заттар (құрылыс құралдары, сигналдық құрылғылар, линеметтер;

3.3 зақымдаушы әсері радиоактивті сәулелену мен биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару мен заттар;

3.4 зақымдаушы әсері электромагниттік, жарық, жылу, инфрақызыл немесе ультрақызыл сәулеленуді пайдалануға негізделген заттар;

3.5 қаруға оқ-дәрілер және оның құрамдас бөліктері, снарядтар, жебелер;

3.6 жоғарыда аталған қару түрлерін имитациялайтын заттар;

3.7 шанышқылы, кескіш, шапқыш, ұрғылау-ұсақтау, лақтыру заттары, өнеркәсіптік құралдар және өзге де нәрселер, оның ішінде: барлық түрдегі пышақтар, қырынуға арналған станоктар немесе жүздер (колледж жатақханасында, зертхана, шеберхана, асханада пайдалану жағдайларын қоспағанда), садақтар, арбалеттер, мүйізтұмсықтар, балталар, қылыштар, семсерлер, барлық түрдегі медициналық скальпельдер (оқу процесінде пайдалану жағдайларын қоспағанда), жебелер мен дарттар, арпундар мен найзалар, мұзтұтқыштар, металл жұлдыздар, түйреуіштер, шоқпарлар, таяқшалар, кастеттер, нунчактар;

3.8 оқу-тәрбие процесінде, өнеркәсіптік және шаруашылық мақсаттарында пайдалану жағдайларын қоспағанда, шегелерді қағу және болттарды бекіту үшін өнеркәсіптік құрылғылар, шанышқылы немесе кескіш заттар ретінде пайдаланылуы мүмкін өнеркәсіптік құралдар;

3.9 медициналық шприцтер ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) № 026/у нысанындағы дәрігерлік - консультациялық комиссияның қорытындысы болмаған кезде);

3.10 оқ-дәрілер, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, оның ішінде: жарылғыш заттардың немесе құрылғылардың көшірмелері немесе имитаторлары, аэрозольдық бояулар, скипидар, фейерверктер, кез келген нысандағы жарық беретін зымырандар және пиротехникалық құралдар, сіріңкелер, оттықтар (білім беру ұйымының аумағында орналасқан жатақханаларда пайдалану жағдайларын қоспағанда), құрамында улы және мия тамыры бар газ баллондары (көзден жас ағызатын, бұрыш), психикаға белсенді әсер ететін заттар, темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, темекі қыздыруға арналған жүйелер, тұтынудың электрондық жүйелері және оларға арналған сұйықтықтар т.б. қауіп төндіретін заттар мен нысандарды колледжге және колледж аумағына әкелуге тыйым салу әкелуін бақылауға алу, оқыс оқиға, заң бұзушылықтың алдын алу рейдтері жұмыс тобы құрамына колледждің студенттік өзін-өзі басқару жүйесі, колледждің тәрбие бөлімі жетекшілік етуімен колледж педагогтері қатысуымен тұрақты түрде ұйымдастыру қолға **АЛЫНСЫН**.

4. Колледж қызметкерлері мен студенттері колледж жарғысымен, қызметкерлер мен студенттерінің ар-намыс кодексінде бекітілген ережелерді орындамау, "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген талаптарды бұзушылық

әрекеттері үшін студенттік өзін-өзі басқару жүйесі, педагогикалық әдеп жөніндегі ( этика) кеңесіне тәртіптік жазаға ұсынылатындығы **ЕСКЕРТІЛСІН.**

5. Студенттердің білім алу (оқу, өндірістік оқу сабақтары) барысындағы сабақ жүргізуші оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлеріне, сабақтан тыс уақытта білім беру үрдісіне қатысы жоқ тәрбиелік іс-шаралар мерзімінде тыйым салынған әрекеттері үшін жауаптылық бөлім меңгерушісі Н.Ақдаулетовтің жетекшілігімен тәрбие бөлімі қызметкерлері Ә.Шөңгербаев, У.Сагиндыковаға, қызметкерлердің міндеттерін атқару барысында тыйым салынған талаптарды бұзуы әрекетіне жауаптылық кадр бөлімі меңгерушісі А. Арғынбекке **ЖҮКТЕЛСІН.**

6. Осы бұйрық студенттері, олардың ата-аналары, заңды өкілдері назарына жеткізу тәрбие бөлімінің бөлімше меңгерушісі Н.Ақдаулетовке, колледж қызметкерлері назарына жеткізу кадр бөлімі меңгерушісі А.Арғынбекке **МІНДЕТТЕЛСІН.**

Директор



**З. Клышбаева**

Таныстым

Н. Ақдаулетов  
А.Арғынбек  
Ә.Шөңгербаев  
У.Сагиндыкова  
25.09.2023 ж.





**БҮЙРЫҚ**

*№ 23 қазып оқуда*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *84/се*

город Астана

**Ақша жинауға тыйым салу туралы**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алу мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Колледж бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 9-бабы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау іс-шаралары бектіліп, жүзеге асырылсын. (жауапты Н.Ақдаулетов)

2. Басқару және әкімшілік лауазымды атқаратын тұлғаларға мемлекеттік қызметті орындаумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшейтіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталынсын (жауапты А. Король, Г. Сапарбекова, Ж. Мырзабекова, Н.Ақдаулетов, Н. Нуржауова, А. Сейтжанова, А.Красовская, Г.Сергазина, А. Аргынбек)

3. Педагогикалық және лауазымды қызметкерлерге қандай бір заңсыз қаражат жинау, демеушілік және қайырымдылық түріндегі көмектер алуға қатаң тыйым салынсын.

4. Колледж қызметкерлеріне жеке өзінің немесе колледждің мүддесіне байланысты қандай да бір қор құру, қаражат жинау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келетіндігі ескертілсін.

5. Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Сапарбековаға, директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары А. Корольге, тәрбие жұмысы бөлімінің бөлімше меңгерушісі Н.Ақдаулетовке қызметкерлерден, білім алушылардан заңсыз ақша жинау, ата-аналардан демеушілік немесе ерікті қайырымдылық көмек талап ету фактілерінің алдын алу мақсатында педагогикалық ұжым және ата-аналар қоғамы арасында кеңінен түсіндіру жұмысы міндеттелсін.

6. Білім алушылар мен қызметкерлер ақша жиналып жатқандығынан хабардар болған жағдайда колледж арнайы ресми сайтында көрсетілген парақшаға, колледж ғимаратының бірінші қабатында орналасқан сенім жәшігіне ақпарат қалдыруға болатындығын колледж фойесіндегі ақпараттық тақтаға ілініп, хабарлама тәртібінде қызметкерлер мен білім алушылар назарына жеткізілсін.

7. Кадр бөлімі меңгерушісі А. Аргынбек заңсыз қаражат жинау немесе демеушілік көмек талап бойынша колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне түскен сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар немесе фактілер бойынша Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 52 бабының (еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері) 14 тармақшасы ( тәрбиелеу функцияларын атқаратын жұмыскер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қайшы қылықтар жасаған) басшылыққа алынып еңбек шартының

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор



З. Клышбаева

Таныстым

Лауазымды тұлғалар:

Директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары

А. Король

Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары

Г.Сапарбекова

Директордың кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Н.Нуржауова

Директордың ақпараттық технологиялар жұмысы жөніндегі орынбасары

Ж. Мырзабекова

Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары

А. Сейтжанова

Құзыреттілік орталығы меңгерушісі

А.Красовская

Бөлімше меңгерушісі

Н.Ақдаулетов

Бас есепші

Г.Сергазина

Кадр бөлімі меңгерушісі

А. Арғынбек

02.10.2023





БҰЙРЫҚ

26.09.2023ж. № 2014  
№

Ақша жинауға тыйым салу туралы

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің*  
*ББ - Бұйрықтың кейдегі*  
*алық отқандық*  
*қажеттіліктеріне*  
*бұйрық ісін*  
*қажеттіліктеріне*  
*мақсат қарастырылған!*  
ПРИКАЗ  
*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің*

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден): жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлық беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттар үшін ақша жинауға, сондай-ақ білім беру ұйымын жеткізушілерден сыйлықтар қабылдауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжымға және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың қажеттіліктеріне, сондай-ақ мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

3) білім беру ұйымдарында ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және тәрбиешілерге шара қолдансын;

4) білім беру ұйымдарында ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығару және ұжымды білім беру ұйымының шығарған бұйрығымен таныстырсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда, білім беру мекемелерінің басшыларына лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

К. Сенгазыев

№ 26.09.2023<sub>2</sub>

№ 2014

### О запрете сбора денежных средств

В соответствии со статьей 9 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Руководителям организаций образования:

1) категорически запретить сборы денежных средств с родителей (законных представителей) на: проведение ремонта, покупку мебели, оборудования, уборку школьных помещений, подарки педагогическому коллективу, проведение аттестации организации образования, праздничных мероприятий и на другие цели, а также принятие подарков от поставщиков организации образования;

2) провести разъяснительную работу в педагогических коллективах и среди членов родительских комитетов по вопросу запрета сбора денег на нужды школы, класса, а также на праздничные мероприятия и подарки учителям;

3) принять меры к классным руководителям, учителям и воспитателям, допустившим незаконный сбор денежных средств и принятие подарков с родителей;

4) в организациях образования издать приказ о недопустимости незаконного сбора денег с родителей, и ознакомить коллектив с изданным приказом организации образования.

2. К руководителям организаций образования, допустившим неисполнение настоящего приказа, применять дисциплинарные меры наказания, вплоть до освобождения от занимаемой должности.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

Руководитель



К. Сенгазыев







**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2023 жылғы 01 қаңтарда

№ 43/е

Астана қаласы

город Астана

**Жауапты тұлғаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңын басшылыққа алып, колледждің мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қатынастарын жүйелі реттеу және көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді сапалы қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледжде білім беру саласы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттеріне жауаптылық, білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау, білім алушылардың әлеуметтік көмек және техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті қамтамасыз ету директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары А. Корольге бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті және оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқыту нәтижелеріндегі айырмашылықтар бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету жауаптылығы колледж директорының оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбековаға бекітілісін.

3. Білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет мәселелерін қамтамасыз ету, және тәрбие бөлімі бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету тәрбие бөлімінің бөлімше меңгерушісі Н.Ақдаулетовке;.


4. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсушілерден құжаттар қабылдау, білім алушыларды оқуға қабылдау мәселелері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті қамтамасыз ету және кәсіптік оқыту бойынша мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне енетін мәліметтер мен ақпаратты жинап уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету колледж директорының кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Н. Нуржауоваға бекітілсін.

5. Жауапты тұлғалар А. Король, Г. Сапарбекова, Н.Ақдаулетов, Н. Нуржауова мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруда "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңын, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығын, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы



азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығын, «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 215 бұйрығын басшылыққа алсын.

Директор



З. Клышбаева

ТАНЫСТЫМ


Таныстым

Директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары


Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары

Директордың кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Бөлімше меңгерушісі



А. Король



Г.Сапарбекова

Н.Нуржауова

Н.Ақдаулетов

01.09.2023 ж.